Егіндібұлақ ауылдық округі жанындағы
жергілікті қоғамдастық жиынның
№ 3 хаттамасы

Өткізілген жері: Егіндібұлақ ауылы
Егіндібұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

Өткен күні: 02.06.2025 жыл.
Өткен уақыты: 15:00

Қатысқандар: Округ әкімі Р.М.Искендиров, аппарат қызметкерлері.
Шақырылғындар: округ жанындағы жергілікті қоғамдастық мүшелері, барлығы – 7 адам.

Жиынды ашқан Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі Р.М.Искендиров: 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында бүгін жергілікті қоғамдастық мүшелерімен жиын өткізгелі отырмыз. Жиынға жергілікті қоғамдастықтың мүшелері шақырылды. Ауылдың жалпы дауыс беруге құқығы бар тұрғындар саны 5 адам, жиынға келгендер саны 5 адам. алдымен жиынның төрағасы мен хатшысын сайлап алуды айтып, Төрайымдыққа Амангалиева Айсұлу Диятқызының кандидатурасын ұсынды және қоғамдастық мүшелерінің дауысына салды.

Қолдағандар: - 4 адам
Қарсы болғандар: – 0 адам
Қалыс қалғандар: - 0 адам

Жиын төрайымы болып Амангалиева Айсұлу Диятқызы сайланды. Хатшылыққа Алхамова Данагул Тілекқызының кандидатурасын ұсынды және қоғамдастық мүшелерінің дауысына салды.

Қолдағандар: -4 адам
Қарсы болғандар: – 0 адам
Қалыс қалғандар: - 0 адам

Жиын хатшысы болып Алхамова Данагул Тілекқызы сайланды.

Жиын төрайымы А.Д.Амангалиева: Жиынның төрайымы болуға сенім артқандары үшін қатысушыларға алғыс білдіріп, күн тәртібінде қаралатын мәселені ұсынды.

Күн тәртібінде:

1. Бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатты жұмсау туралы.

Жиын төрайымы А.Д.Амангалиева: Жиынға қатысушыларды жиынның күн тәртібімен таныстырып, сөз кезегін Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі Р.М.Искендировке ұсынды.

Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі Р.М.Искендиров: Құрметті жиынға қатысушылар «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3

бабын басшылыққа ала отырып бүгінгі күн тәртібінде қаралатын мәселе бюджеттен бөлінген үнемделген қаражатты мақсатты жұмсау. 2025 жылдың 21 мамырдағы Бәйтерек ауданы әкімдігінің № 300 қаулысымен біздің округке қоқыстарды ысыру үшін 900 мың теңге бөлінді. Жыл сайын көктемгі және күзгі уақытта ауыл тұрғындары қоқысқа мал қиын және тұрмыстық қалдықтарды шығарады. Бұл қоқыс үйіліп жатады. Соны ысырып тегістеу үшін бюджеттен қаражатқа сұраныс жібердік. Қазіргі таңда «BRAT. M» ЖШС -1 100 000, «SK BASI» ЖШС -1 200 000 және « SK.BAT» ЖШС - 900 000 теңгеге баға ұсыныстарын ұсынып тұр.

Жиын төрағасы А.Д.Амангалиева: Кімнің қандай ұсынысы бар?

Л.Лапухина – жергілікті қоғамдастықтың мүшесі. Әрине, 3 баға ұсыныстың ішінен біз 900 000 теңгеге келісеміз. Бюджеттен бөлінген соммада сол.

Жиын төрағасы А.Амангалиева Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің барлығы ұсынысты толықтай қолдады.

Дауысқа салынды:

Қолдағандар: - 5 адам

Қарсы болғандар: – 0 адам

Қалыс қалғандар: - 0 адам

Жиын төрағасы А.Д.Амангалиева: Дауыс нәтижесі бойынша жергілікті қоғамдастық мүшелері барлығы қолдады, ендігі кезекте жиынның шешімін шығару қажет.

Жиын шешімі:

Берілген 3 баға ұсынысын қарастырып, талқылап «SK.BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 900 000 теңгеге қоқысты ысырып тастау және тегістеу жұмыстарын жүргізуге ұсынысын қабылдап, қаражат мақсатты жұмсалуын бақылауға алу.

Төрайым: **А.Д.Амангалиева**

Хатшы: **Д.Т.Алхамова**